

«Шет тілдер» кафедрасы 2021 жылдың 3 желтоқсанында Microsoft Teams онлайн платформасында

**ҚР Тәуелсіздік күніне орай
«Тәуелсіз және еркін Қазақстан: 30 жыл прогресс» атты бейнероликтер
байқауын өткізді**

Microsoft Teams-те онлайн режимінде өткен іс-шараға 80-нен астам студент, сонымен қатар шетел тілдері кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы қатысты.

Байқауды жүргізушілер: ПСК-21-2 тобының студенті Роман Бобров пен ЭЭ-21-3 тобының студенті Оразбек Бекзат ашты. Алдымен шет тілдері кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент Джантасова Дамира Дулатқызы және шет тілдер кафедрасының шетелдік қонағы, Британ Кеңесінің халықаралық тәжірибесі бар тренері, Norwich Institute for Language Education ғалымы Andrew Hockley құттықтау сөз сөйледі.

Жүргізушілер іс-шараның мақсаты мен тәртібін, байқауға қатысушы бейнероликтерді бағалау критерийін жариялап, қазылар алқасының мүшелері – шет тілі кафедрасының оқытушылары: Токумбаева Алия Айтпаевна, Мустапаева Орал Туленбековна және Абдыкаримова Мөлдір Маратовнаны таныстырды. Оқытушылар алғысөз айтып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

СИБ-21-3 тобының студенті Сазанбек Алмабек «Желтоқсан желі» әнін домбырамен орындаса, Мамырбек Нұрлыбек және ЭЭ-21-3 тобының студенті Жүрсінбаев Талғат қазақтың белгілі ақындарының тәуелсіздік тақырыбына жазған өлеңдерін оқыды.

Көрермендер мен қазылар алқасының назарына Қазақстанның тәуелсіздік алған 30 жылдағы ең маңызды жетістіктері туралы баяндайтын 11 бейнеролик ұсынылды. Бейнежазбалар келесі критерийлер бойынша бағаланды:

- пайдаланылған материалдың түпнұсқалығы;
- мазмұнды меңгеру, материалды анық және сауатты баяндау, аудиториядан келген сұрақтарға жауап беру;
- Бейнероликтің танымдық және ақпараттылығы, идеяның өзіндік ерекшелігі;
- Бейнероликте проблеманың өзектілігін, түйінді ойлар, осы тақырып бойынша өзіндік көзқарасты, қорытындыны жеткізе білу.


Көрермендермен бірге барлық бейнероликтерді көргеннен кейін іс-шара барысында көрсетілген негізгі мәселелер бойынша викторина өткізілді. Студенттер белсенді қатысып, сұрақтарға жауап берді. Іс-шара соңында қазылар алқасы үш номинация бойынша жеңімпаздарды ұсынды:

1. NOMINATION for the best Speaking Performance – Кенжин Жанай (ОПИ-21-1; жетекші: Сеитова Л.А.), Манбаева Эльвира және Жолдасбекова Диляра (Э-21-2; жетекші: Шамиева Р.Қ.).

2. NOMINATION for the Most Creative Video – ВТ-21-2 және БЖД-21-1 топтары (жетекші: Исина Н.Т.).

3. NOMINATION for the best Originality of an Idea – Төлеу Алуа (ЭЭ-21-3) және ОП-21-2 тобы (жетекшісі: Тентекбаева Ж.М.).

Іс-шараға жауапты шет тілдері кафедрасының оқытушылары: «Шет тілдері» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент Джантасова Дамира Дулатовна, кафедраның тәрбие жұмысына жауапты оқытушысы Исина Н.Т., кафедра оқытушылары Шамиева Р.Қ., Тентекбаева Ж.М.







ASTANA MOVED TO AKMOLA

On October 20, 1997, President Nursultan Nazarbayev officially announced that the new capital of Kazakhstan was Ak-mola. On November 8 of this year, a solemn ceremony of sending out the state symbols of the Republic of Kazakhstan from Almaty to Ak-mola was held.

On May 6, 1998, by the decree of the president of the Republic of Kazakhstan, Ak-mola was renamed Astana. In 1998, by the decision of UNESCO, the new capital of Kazakhstan was awarded the High title and medal "city of peace". The international presentation of the new capital of Kazakhstan, "Astana took place on June 10, 1998 with the participation of a number of foreign heads of state.



+61

Margaret Jee